



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

**PROCEEDINGS**

of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

Тілекжан Хасенұлының айтуынша, дамыған елдерге тән ерекшелік – халқының, азаматтарының рухы ояу, асқақ болады. Олар өздерін ешкімнен кем санамайды. Олар басқаны сыйлайды, басқалармен санасады, басқалардан үйренеді, сонымен бірге өзіне де сенеді, өзін де мақтан тұтады. Дамыған елдің адамы – нағыз патриот: өз елін, өз жерін, Отанын сүйеді, өз тілін, дәстүрін, әдебиетін, тарихын біледі, қадір тұтады. Елбасымыз қазақстандық патриотизм туралы, әрбір азаматтың патриоттық сезімін ояту, қалыптастыру туралы тектен-тек айтып жүрген жоқ. Патриотизм біздер үшін – қуатты күш, қосымша инвестиция. Оның негізінде рух, намыс жатыр. Қазіргі ел аузындағы Мәңгілік ел, Нұрлы жол деген тіркестер бейнелі түрде кездейсоқ айтылған емес. Бұл – қазақтардың ғана емес, бүкіл қазақстандықтардың таяу жылдардағы бетке ұстар идеясы, өмірлік нысанасы [6].

Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні – мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті. Мәңгілік Ел ұлттық идеясы дегеніміз – өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымыз!

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.А. «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауы, Астана, 17.01.2014 ж. - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K14000>
2. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. - Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. – 232 бет.
3. Күлтегін Тоныкөк: Ежелгі түркі рун жазбалары (Әдеби нұсқасын жасаған Қадыр Мырза Әли.) - Алматы, «Өлке» баспасы, 2001. – 144 бет.
4. Қазақстан тарихы. Әдістемелік журнал №1, 2016.
5. Қазақстан тарихы. Әдістемелік журнал №3, 2016.
6. Сыдықов Е. «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы, - Алматы, «Pride Print» баспасы, 09.2013. – 108 бет.

ӘОЖ 21.41

### **ДІН ФУНКЦИЯЛАРЫНЫҢ ЗАМАНУИ ҚОҒАМДАҒЫ КӨРІНІСТЕРІ**

**Темірбай Жанаргүл**

[zhakon27@gmail.com](mailto:zhakon27@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, дінтану мамандығының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Т.В.Мустафина

Адам және оның болмысы ғасырлар бойы ғалымдарды, ойшылдарды, жалпы алғанда, кез келген адамды ертелі-кеш толғандырып келген өзекті мәселелер қатарында екені белгілі. Адамды оның рухани болмысы, сондай-ақ оның тәндік болмысы арқылы зерделеу әр түрлі қоғамдарда әр түрлі кезеңдерде әр түрлі зерттеу әдістерімен орын алып келеді. Бүгінгі күнге дейін бірталай жетістіктерге қол жеткізілгенімен, мұндай риторикалық сұрақтарға толыққанды жауаптар әлі де болса жүйелене қойған жоқ.

Тәннің шексіз қажеттіліктерін материалдық дүние қанағаттандырса, жанның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін адам өнерге, дінге, әр түрлі ілімдерге бет бұрып жатады. Шынымен, адамның рухани болмысы туралы дін тұрғысынан жауап беру басымырақ екені де белгілі. Жалпы алғанда, дін деген феноменнің өзіне жауап беру арқылы да адами болмыстың бірталай мәселелеріне тоқталуға болады.

Дін феноменінің адамзат мәдениетінде алатын орны зор екеніне келіспеске болмайды. Ғасырлар бойы көптеген ғалымдар дін феноменін және оның қоғам өміріндегі функцияларын зерттеп, бірқатар жетістіктерге қол жеткізіп те үлгерді. Тарихи деректерге

сүйенсек, ең алғаш дінге нақты анықтама беруге Цицерон ат салысқан. Цицерон бұл терминді «telegege» – артқа жүру, оралу, қайта оқу, ойластыру, жинау, андау, қорқу деген латын тілінен жасаған және дінді құдайдан қорқу, қорқыныш және құдайларды құрметтеу, осы құрметтеуге қатысы бар барлық нәрсені мұқият ойлап байқау ретінде сипаттады [1].

Заман өзгере келе, дін феноменін әр түрлі ғылымдар мен ойшылдар өз тараптарынан түсіндіріп отыр. Мысалы, танымал француз лингвисті Э.Бенвенист (1902-1976 жж.) бастапқыда religio – бұл әрекетке түрткі болатын немесе салтты орындауға мәжбүрлейтін сезім емес, бұл адамды ұстап тұратын күдік, қайсыбір әрекетке деген ішкі кедергі деген [1, 14]. Ал, Рудолф Отто: «Дін адамдардың қасиетті санаған нәрселерімен байланысты» дейді. [2, 5].

Анықтамалар көп болғанымен, дін уақыт секілдіғой. Біз уақытты көрмейміз, бірақ сеземіз. Дінде сол секілді, оны адам жүрекпен қабылдайды, содан болар, біржақты тұжырым жасау қиынға соғады.

Отандық замануи зерттеулерге келетін болсақ, Тәуелсіздік алғалы елімізде де бірқатар ғылыми ізденістер іске асуда. Дегенмен де, көптеген адамдардың дін деген ұғымға беретін анықтамаларынан шығатын қорытынды «Дін - қоғамдық сана формасы». Ол қоғамдық сана формасы болғандықтан да, тіл, діл секілді өзіндік атқаратын функциялары бар. Дінтанулық зерттеулерде діннің қоғамдық өмірде атқаратын функциялары туралы да білімдер жүйеленген. Атап өтетін болсақ, зерттеулер әртүрлілігіне қарамастан, бірнеше нақты функцияларды басым көпшілік әдебиеттерде кездестіруге болады. Мысалы;

Діннің дүниетанымдық функциясы:

Адамды өзінің қысқа ғана ғұмырында «Мен кімін?», «Қалай пайда болдым?», «Қайдан келдім?», «Қайда барам?», «Бұл әлемге келгендегі менің мақсатым не?», тіпті айналып келгенде, «Өмірдің мәні не?» деген секілді сұрақтар мазалауы орынды. Мұндай философиялық сұрақтарға дін де өз деңгейінде жауап береді. Діни көзқарас тұрғысынан, бұл өмір – уақытша сынақ. Демек, адам бұл өмірге мәңгілік ғұмыр үшін дайындыққа келеді. Сәйкесінше бұл өмірдегі адамның мақсаты о дүниеге барар жолын, қамын ойластыруға келіп саяды. Дін тұрғысынан бұл жалған дүниеге адам жаратушысының өсиеттерін мүдірмей жүріп өту үшін келеді.

Діннің компенсаторлық (орын толтыру) функциясы:

Адам өзінің өміріндегі кейбір жағдайларда өзінің дәрменсіздігін сезініп, Құдайдан, Жоғарғы күштен, әйтеуір, табиғаттан тыс бір абсолютке сүйеніп, діннен жәрдем іздейді. Дін арқылы адам Құдаймен байланысын сезінеді. Адам ішкі жан дүниесін тыныштандыруға, гармонияға жеткізетін кейбір сезімдерді осы Құдаймен байланыс орнату арқылы жүзеге асырады. Демек, өзін рухани азықтандырады.

Діннің реттеушілік функциясы:

Дін арқылы түрлі тарихи кезеңдерде қоғамдық өмірдегі адамдар тобының, жеке адамның идеясын, құндылықтарын, салт-дәстүрін, мінез-құлық, адамдармен қарым-қатынасын реттейді. Яғни, үлгіге сай, нормаға сәйкестендіріп, бақылау арқылы (мұны істеуге болмайды, Құдайдың қаһарына ұшырайсың деген секілді) діни моральдың көмегімен жүзеге асырылады.

Діннің интеграциялық-дизинтеграциялық функциясы:

Дін арқылы тарих сахнасында адамдар ұжымға біріккен де, діни көзқарастардың әртүрлілігіне байланысты қоғам түрлі топтарға ажырап та отыруына мысалдар көп. Оған әр түрлі халықтардың бір дінді ұстануы арқылы өркениеттер негізін қалауын жатқызуға болады (еуропалық, христиандық өркениет, араб-мұсылман өркениеті, т.б.). Сондай-ақ, дінді құрал ретінде пайдалана отырып, жаулаушылық соғыстар да талақ қанды төгуге себеп болғанын да ескермеске болмайды.

Діннің мәдениет таратушы функциясы:

Бұл функция негізінен қазіргі заманнан гөрі орта ғасыр кезеңіне тән. Себебі, сол заманда діни ілім жазуға, кітап басудың дамуына, сонымен қатар, өнер, әдебиет, архитектура секілді салаларды жоғарғы деңгейіне жетуіне алып келді. Кейбір ғалымдар дінді рухани

мәдениеттен шықты десе, ал кейбір ғалымдар, керісінше, мәдениет діннен шықты деген ой айтады. Соңғы көзқарасты ұстанушы ағылшын этнограф Дж.Фрезер былай дейді: «Барлық мәдениет храмнан (үлкен шіркеуден) шықты» [1,31].

Енді, сайып келгенде, бұл мәселе неліктен көтеріліп отыр, неліктен діннің қоғамдық өмірдегі функцияларын бүгін қайта бағамдауға қажеттілік туындап отыр деген мәселеге келсек... Бүгін бүкіл әлемде дін туралы көп айтылады, дінге көп көңіл бөлінеді, дінді көптеген мақсаттарға құрал ретінде пайдаланады... Бірақ діннің негізгі табиғаты – адам мен жаратушы арасындағы байланысты орнату және соған бола амал ету – бөлек қалып отырған жоқ па? XIX ғасырда өмір сүріп, өз ілімін қалыптастырып кеткен иррационализм өкілі неміс ойшылы Ф.Ницше замануи еуропалық мәдениет пен қоғамды бағалай отырып, сипаттағанда «Мырзалар, Құдай өлді!» деген жантүршігірлік ұран салған. Оны түсінгендері де болды да бар, ойшылды бейморальді жүрегі жоқ деп те танығандар күні бүгін де кездеседі.

Діннің адамгершілікті артыруға бағытталған әлеуеті бүгін қаншалықты жүзеге асып отыр? Еліміз 70 жыл бойы қатаң атеистік саясатты ұстанған Кеңес үкіметінің құрамында болған кезде де ата-әжелеріміз атеистік саясаттың қоршауында бола тұра, имандарын жасырын болса да сақтап, дінге сәйкес барлық өнегелік қағидаларды ұстанып келген. Онымен қоса, саясаттың қаталдығына қарамастан, ұрпақтарына сол рухани мұраны аманат етуге барынша тырысты.

Қазір замандастарымыздың көпшілігі, әсіресе, жастар дінге зор қызығушылық білдіргенімен, дінді ұстануды белгілі бір дәреже, көрсеткіш ретінде танитын секілді. Ғибадатханаларға барып, жаратушыға құлшылық еттім деп, өзін Құдайдың сүйіктісі ретінде ұстанатын сияқты. Бірақ, өкініштісі, көшеде ауыр сөмкемен кетіп бара жатқан әжеге көмектесуге келгенде, айналады «рухани дәрежесі жоғары» азаматтар табылмай да қалады.

Дін деген мейірімділік пен адамгершілікке негізделсе, неге жәрдемге зәру адамға көмек қолын созу секілді қарапайым нәрселерден бастамасқа? Дін талаптарының сыртқы формасына ғана салына бермей, оның түпкі мәніне де назар аударған дұрыс секілді.

Қай дінді де алып қарасақ, ондағы негізгі идея – адамгершілік баулу. Мысалы, ислам дінінің негізгі идеясы мейірімділік болса, христиан дінінде сүйіспеншілік, ал буддизмде ешбір тірі жанға зорлық жасамау. Онда неліктен бүгін әлемде дін атын жамылу арқылы қантөгістер мен жанжалдардың артуы тоқталмай жаты?

Қазіргі таңда қоғамда дінге бет бұрушылық тенденциясы басым екені анық байқалуды. Бұл, әрине, жалпы алғанда – жағымды үдеріс. Бірақ, дегенмен де, қазіргі таңдағы кейбір дін ұстанушы адамдардың бойындағы моральдық, рухани, саналық жетіспеушілік қоғамды құрдымға жіберіп, дін өзінің функцияларының ішіндегі интеграциялық емес, дезинтеграциялық функция көбіне жүзеге асырылып отарғайдай.

Кейбір азаматтар, әсіресе, жас азаматтар діни сенімдері мен ұстанымдары негізінде бір топқа ұйымдаса отырып, жалған саяси идеяларды орындаушылар қатарына қалай қосылып кеткендерін байқамауына соңғы уақытта елімізде де орын алып отырған терактілер әбден дәлел болмақ. Халқымызды кеше ғана Алматы, Ақтөбе қалаларында өткен терактілер біраз дүниетанымдық сұрақтарды қайта қойып, қайта терең ойлануға себеп болды. Қолға қару алып, қылмыстық әрекетке барған ол замандастарымыз бен жерлестеріміз «дінді тазартудамыз», «алғашқы кездегі тазалыққа қайта ораламыз» деген жалған идеялардың соңынан еріп, ислам діні қағидаларының бұрмалануының құрбаны болып қалды. Ислам дінінің әуел бастан негізгі мақсатының бірі адамды сабырлыққа тәрбиелеп, мейірімділік тарату ғой.

Өкінішке орай, дінге бастапқы кезде дұрыс тұрғыда қызығушылық білдірсе де, теріс ағымға түсіп кеткен кейбір замандастарымыз Құранды, хадисті жатқа айтқанымен, оқ атып, бір үйді анасынан, бір үйді әкесінен, баласынан айырып отыр. Жетім мен жесір санын көбейтті. Мұндай жайт дінде бар ма? Бұл дінді тазарту емес, керісінше, ластау. «Жанындағыларға қолыңнан келгенінше жақсылық жаса, күнәлі істерден аулақ бол!» қайсыбір діннің үндейтіні осы емес пе еді.

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сенде сүй ол Алланы жаннан тәтті,  
Адамзаттың бәрін сүй «бауырым» деп,  
Және хақ жолы осы деп әділетті» [1,31].

деген Абай атамyzдың сөзі бар. Бұл жолдарды жалпыадамзаттық гуманизмнің формуласы десек те болады.

Адам мына қарапайым нақылды ұмытпау керек секілді: өзінің қысқа ғана ғұмырында кез келген адам белгілі бір миссияны орындау үшін келеді. Яғни, жақсылық пен жамандықтың күресінде, жақсылыққа қолдау көрсету. Дәстүрлі қазақи дүниетанымымызда «дәулет – байлықтан, игілік – биліктен, ізгілік – Алла тағаладан» деген түсінік бар [6]. Бүгінгі таңда бұл сөзге барынша назар салып, қайта ойланған орынды деген ойдамыз. Жаратушыға деген құлшылық ең әуелі осы өмірде істеген ізгі істер мен танытқан мейірімділікпен өлшенбес пе еді?

Бұл тақырып бүгінгі таңда көпшілікпен де, сарапшылық ортамен де жан-жақты талданып отырғаны белгілі. Өз деңгейімізде бұл мәселе аясында сөз айтудың мақсаты, әлбетте, жаңалық ашуда емес, ертеден-ақ келе жатқан қарапайым ғана шындыққа қайта ой салу, оны замануи қоғам форматында зерделеу болып табылады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Дінтану негіздері Н.Ж.Бәйтенова, Қ.А.Затов, А.Т.Құлсариева, А.Д.Құрманалиева // Алматы, «Қазақ университеті», 2006 ж.,
2. Тышхан Кеңшілік. Мораль және дін (оқу құралы). - Астана: Мастер По ЖШС, 2012. - 5 бет
3. <http://e-islam.kz/interview/item/4370-ashirbek-momynov-tarikh-lylymdaryny-doktory-abylaj-khanny-t-synda-kantselyariya-bol-an>
4. <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=6785>
5. <http://old.abai.kz/node/11147>
6. [https://baq.kz/kk/news/mangilik\\_el/garifolla-esim-kazak-elin-mangilik-etetin-zhaksi-kazak-42466](https://baq.kz/kk/news/mangilik_el/garifolla-esim-kazak-elin-mangilik-etetin-zhaksi-kazak-42466)

ӘОЖ 101.9

## АРИСТОТЕЛЬ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНДАҒЫ «КЕМЕЛ МІНЕЗ», «ӘДІЛДІК ЖӘНЕ АДАЛДЫҚ» - МОРАЛЬДЫҚ ІЗГІЛІК РЕТІНДЕ

Уралбаева Шолпанай Куанышбаевна

[shopik\\_8484@bk.ru](mailto:shopik_8484@bk.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,  
философия магистрі, оқытушы

Мақалада Аристотельдің этика жайындағы түсінігін ашып көрсетуге, сонымен қатар әділеттілік және адалдық туралы сұрақтар қарастырылады. Аристотельдің этикалық түсінігін қолдана отырып, тұлғалардың сан қилы болуына қарамастан, барлығына бірдей моральдық түсінікті қалыптастыруға әрекет жасау.

**Түйін сөздер:** *адамгершілік, адалдық, әділеттілік, өмір, даналық, сана, субстанция, еркіндік, әділеттілік, ұлт, мемлекет*

Заман ағымымен өзгертін де, өзгермейтін де дүниелер бар. Біз қолданатын құрал-жабдықтар, сән үлгісі, тіпті қоғам да өзгеріп отырады. Өзгермейтін бір нәрсе – бұл әлемнің ең үздік ойшылдарының өмір, білім, уақыт және өзге де құндылықтар жөніндегі айтқан сөздерінің өзектілігі. Аристотель секілді классиктердің ойлары әрқашан актуалды. Әсіресе қазіргі біздің өмір сүріп отырған қилы кезеңдерде, адамның физикалық тұрмақ рухани дүниесі күйзеліске ұшыраған уақытта, жеке адамның ғана емес бүкіл адамзаттың көкейкесті өмірдің мәні мен оның мақсаттары жайлы сұрақтары туындап тұрғанда Аристотель тұжырымдамаларының маңыздылығы арта түсуі ғажап емес.